



**Әлемдегі ең ақылды 10
жануар**

Шимпанзе

Бірінші орын
шимпанзе тұр.

Шимпанзе азық
құрымын ұйымдастыра алады.
Ал жерге ұшына
сынасқа түседі. Ал
қолының ойы мен сезім
қабілетінің себебі топтасып



Дельфин


Дельфин – адамның ең сүйікті сүт қоректі хайуаны. Ең ақылды жануарлар тізімінде тек шимпанзеге ғана жол береді.

Дельфиннің адамның ғана қолынан келетін іс-әрекеттерді жасай алатын икемділігі бар. Оның ми құрылыс көлемі денесімен салыстырғанда 4-5 есе үлкен. Дельфин іс-әрекет арқылы тілдеседі. Өзін айнадан жақсы таниды.




Орангутангт

Орангутангтар дүние жүзінде таралмай, бірақ өмір сүреді. Ұрғашы орангутанг баласын 10 жыл бойы түрлі жерлерге машықтандырады. Кабайы табиғатта олар пілдер сияқты ұянасына жету үшін ағаштарды қолданады. Олардың іс-



Піл



Ең алғашқы пілдер 23 миллион жыл бұрын Африка жерінде пайда болған. Табиғат аясында піл азығына қол жеткізу үшін сан-алуан құрал қолданады. Піл миының әр шаршы сантиметрінде жүздеген жасушадан бар. Басының көлемі үлкен болғандықтан, есте сақтау қабілеті күшті. Піл табиғатынан өте қызығымпаз және тазалықты сүйетін жануар. Тамақпен қоректену алдында оны міндетті түрде жуып жейді.

Қарға



Ең таңғалдыратыны қарғаның азық табу шеберлігі. Мәселен, осы құс аяқ киім бауынан қармақ жасай алады. Ал жаңғақты жарып жеу үшін оны жоғарыдан жол бетіне көліктің астына тастайды. Жолда көлік басып кетпеу үшін, жасыл түстің жанғанын күтеді екен.

Доңыз

Доңыздың басқа жануарлармен салыстырып қарағанда айтарлықтай ақылды екендігі дәлелденген. Доңыз миы үш жастағы нәресте баланың ақыл деңгейіне сәйкес келеді.

Пенсильвания университетінің ғалымдары шошқаның түрлі тапсырма шешу икемін тексеру мақсатымен компьютер ойынын үйретіп көрген. Зерттеу нәтижесі таяғанда қорытынды ретінде олар доңыздың шимпанзе секілді ойынның бастапқы ережесін меңгере алатынына көздері жеткен.

Бұл жануарда ұзақ уақыт есте сақтау қабілеті бар және иіс сезу мүшесінің жақсы болуы жерқұлақты оңай тауып алуға мүмкіндік береді. Шошқа кез келген жағдайға тез бейімделеді



Тиін



Тиін – қолға тез үйретілетін жануардың бірі. Ол есте сақтау, жылдамдық, ептілік, аңғарғыштық сияқты қабілеттерге ие. Тиін адамға жақын аймақта өмір сүреді, өйткені тамақты үйдің қуыстарынан іздейді. Үй тиіні өзінің иесін танып, лақап атымен шақырғанда келеді. Мұның барлығы тиіннің ақылдылығының арқасы.

Көгершін

Көгершіндер б.з.б. 3000 жыл бұрын қолға үйретіле бастаған. Кейде кептерді «ұшатын егеуқұйрық» деп атайды, себебі аурудың көптеп таралуы осылардың тасымалдауымен байланысты. Көгершін тәжірибесіне сүйеніп, жаңа нәрсені тез үйреніп алады. Есте сақтауы жақсы болғандықтан, алдындағы суретті бірнеше жаттығудан кейін қайта жаңғырту қабілеті бар. Айна алдында өздерін таниды. Белгілі қимыл іс-әрекетті қайталап береді. Бір қарағаннан-ақ екі заттың айырмашылығын байқайды.



Сегізаяқ



Сегізаяқ – ең ақылды және толығымен зерттеле қоймаған моллюска түрі. Оның денесіндегі уға толы қалташасы жақсы қорғану мен аң аулауға мүмкіндік береді. Бірақ егер сегізаяққа қандай да бір қауіп төнетін болса, ол улы сиясын шашып жібереді. Әйткенмен, ол оның жалғыз ғана қорғанышы емес, сонымен қатар жаудың иіс сезу мүшесін нашарлататын сұйық зат бөледі. Оның есте сақтау қабілеті өте қысқа, қиын жағдайға тап болғанда өңін өзгерте алады.

Егеуқұйрық

Өздеріңіз білетіндей егеуқұйрық адамға жақын жерде өмір сүреді. Кей түрін адамдар қолға үйретіп, үй жануарларының қатарында ұстайды. Сәндік егеуқұйрықтың басқа түрлерінен айырмашылықтары аз емес: өте ақылды, сүйкімді және адаммен ойнағанды ұнатады. Егеуқұйрықты зерттеген кезде ғалымдар оның ешқандай қателіксіз алдындағы нысанасын жылдам тауып алатынын көрген. Қоңыр түсті егеуқұйрық көне Қытай елі ерекше қадірлейтін жануар болған.



Назар салып

КӨП-К